

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ




## Жоспар

---

- Білім беру жүйесіне анықтама
- Білім беру мазмұнын жанарту жолдары
- 12 жылдық мектептің құрылымы
- Қазақстан мектептеріндегі бейіндік оқыту

## Мақсаты:

- 
- 
- Оқушының дамуы жолын оқу қызметінің нәтижесімен дәлелдеу

## Миссиясы:

- Оқушы бойындағы барлық қабілетті көрсете білу

## Нені көздейді?

- Оқушының қандай да бір пән немесе тақырып бойынша *білмегенін емес*, оның біліктілігін, дағдысын паш ете білуді;
- Сандық сапалық бағаларының кіріктірілуін;
- Басымдықты бағадан өздік бағаға аударуды көздейді.



## Білім беру жүйесі

---

Сабақтастығы бар білім беру бағдарламалары мен әр түрлі деңгей мен бағыттағы мемлекеттік білім беру стандарттары жүйесінің, оларды әртүрлі ұйымдастыру құқықтық формадағы, типтегі және түрдегі білім беру мекемелерінде іске асырушы тармақтардың, сонымен бірге білім беруді басқару органдары жүйесінің жиыны.

# *БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ЖАҢАРТУ ЖОЛДАРЫ*

**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ҚОҒАМНЫҢ ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ СҰРАНЫСЫНА СӘЙКЕСТЕНДІРУ**

**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ІЗГІЛЕНДІРУДІ, ОНЫҢ ВАРИАТИВТІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**ӨЗ БЕТІМЕН БІЛІМ АЛУҒА, ОНЫ ПРАКТИКАДА ҚОЛДАНА БІЛУГЕ ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН, НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЛЫЛЫҚ ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ**

**ТАНЫМДЫҚ УӘЖДЕМЕЛЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ІРІКТЕУ**

**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН ОҚУШЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ТӘСІЛІМЕН ТАЛУЫНА, ӨЗ БЕТІМЕН ІЗДЕНУІНЕ МАҚСАТТЫ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ ТАРТУҒА БАҒДАРЛАУ**

**БІЛІМ МАЗМҰНЫН ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚҰРМЕТТЕУГЕ, ӨЗГЕ МӘДЕНИ БАСТАМАЛАРҒА АШЫҚ БОЛУҒА ТӘРБИЕЛЕУГЕ БАҒДАРЛАУ**

# 12 ЖЫЛДЫҚ МЕКТЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

*1-САТЫ*

*БАСТАУЫШ БІЛІМ*

*1-4-СЫҢЫПТАР*

*Оқуды бастау жасы – 6 жас*

*Оқу мерзімі – 4 жыл*

*Негізгі міндеті – баланың жеке басының қарқынды қалыптасуын қамтамасыз етіп, оның өз бетінше білім алуы және оларды танымдық есептерді шығаруда пайдалану қабілеттері, коммуникативтік іскерліктері дамытылады, оқуға құштарлық, оқу іскерліктері мен мақамдары қалыптастырылады.*

*2-САТЫ*

*НЕГІЗГІ ЖАЛПЫ БІЛІМ*

*5-10-СЫҢЫПТАР*

*НЕГІЗГІ МЕКТЕП*

*Оқу мерзімі - 6 жыл*

*Негізгі міндеті – адамдар арасындағы және этносаралық қатынастар мәдениетін, тұлғаның біртұтас көзқарасын, өзін-өзі анықтауын қалыптастыру, теориялық ойлау тәсілдері мен ғылыми таным әдістерін игеруіне ықпал ететін оқу әрекетін ұйымдастыру. Бейіналды оқыту енгізіледі.*



# *3-САТЫ*

## *ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРУ*

### *11-12-СЫҢЫПТАР*

#### *БЕЙІНДІ МЕКТЕП*

*Оқыту ұзақтығы – 2 жыл*

*Негізгі міндет – бейінді оқыту*

*Бейінді оқыту – жалпы орта білім берудің соңғы кезеңі болып табылатын, оқытудың саралануы мен даралануына, оқушылардың білімін жалғастыруға қатысты жеке және өмірлік өзін-өзі танытуына ықпал ететін талабымен, қызығушылық ниетімен сәйкес әлеуметтендіруге бағдарланған бейіндік оқытуды іске асыруға жағдай жасау.*



# БЕЙІНДЕУ

---

*12 ЖЫЛДЫҚ ОҚЫТУ*

**1-2-сыныптардағы кәсіптік  
бағдар**

**9-10-сыныптардағы бейіналды  
дайындық**

**11-12-сыныптардағы бейіндік оқыту**

# 11-12-сыныптардағы бейіналды оқыту

Инварианттық бөлімі

Вариативтік бөлімі

Базистік компонент

Бейіндік компонент

Математика, тарих,  
қазақ тілі мен  
әдебиеті, орыс тілі  
мен әдебиеті, шетел  
тілдері,  
дене шынықтыру,  
өзін-өзі тану,  
информатика,  
қоғамтану,  
жаратылыстану.

Әлеуметтік-  
гуманитарлық  
бағыт

Жаратылыстану-  
математи-  
калық бағыт

Технология-  
лық бағыт

Элективтік курс.  
Қолданбалы  
арнаулы курс  
«Шығармашылы  
қ және зерттеу  
қызметінің  
негізі»

# Бейіндік оқытуды ұйымдастыру формалары

Мектепшілік бейіндендіру	Аймақтық ресурстық орталық	Кешкі және сырттай оқитын мектептер	Серверлік орталықтар
монобейінді мектеп,, полибейінді мектеп,, бейіндік сыныптар жалпы білім беретін мектептерде, гимназияларда, дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерде	бұл форманы жүзеге асыруда жалпы орта білім беретін бірнеше ұйымдар, материалдық-техникалық және кадрлық әлеуеті жеткілікті сол аймақтың қуатты бір білім беру ұйымының айналасына біріктіріледі	бейіндік мектептерде, ресурстық орталықтар базасында, ЖОО, ОблБАИ, бұл форманы ұйымдастыруға құқығы бар ұйымдар жанынан ашылады.	ақпараттық және қашықтықтан оқыту теориялары элементтері арқылы бейіндік оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

# Қазақстан мектептерінде бейіндік оқытудың жаңа кезеңі

- 2016- 2017 жылдан бастап 12 жылдық оқытуға көшу
- Оқушының өзін - өзі азаматтық және кәсіби саналы анықтауын жүзеге асыру
- Жалпы білім беру мектебінің жоғарғы сатысындағы бейіндік оқыту мына бойынша ұйымдастырылады:
  - - әлеуметтік-гуманитарлық;
  - - жаратылыстану-математика;
  - - технология бағыттары



# 11-12 сыныптардағы білім беру процесін ұйымдастыру принциптері

---

- Білім беру процесінде тұлғалық – бағдарлы, әрекеттік, құзыреттік және денсаулық сақтау тәсілдерін жүзеге асыру;
- Мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық пен өзара байланысты мақсатты ұйымдастыру;
- Оқушының өзіндік әрекетінің бейіндік бағытына қатысты өзін - өзі анықтауы;
- Оқу әрекеті формаларын дараландыру, оқушының оқытудың белсенді тәсілдерін тұрақты қолданатын өнімді және өнімсіз әрекетіне сәйкестендіру;
- Оқушының зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағдарлау, оқу жобаларын негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мен дамытуға жеткен нәтижелерді көрсету тәсілі ретінде міндетті түрде орындау.
- Оқушының өзінің оқу әрекеті мен оның нәтижелерін тұрақты өзіндік талдау мен өзіндік бағалауға жағдай жасау;
- Білім беру мазмұнының жоғарғы сынып оқушыларының өзін - өзі таныту және кәсіби өзін - өзі анықтау құралы ретінде вариативтілігі, саралануы және практикалық бағыттылығы.

# Оқыту процесін ұйымдастыру мен нәтижелерін бағалаудың құралы мен формалары

- Қазіргі таңдағы педагогикалық және ақпараттық технология
- Оқу процесінің модулін оқушының жеке білім алу траекториясын қалыптастыруды қамтамасыз ететін оқу бағдарламаларының құрылымдық негізінде құру
- Оқушының орта жоғары кәсіби білім алуға икемделуіне қажетті, зерттеушілік және оқу – жобалау білігін игеру мен дамыту мүмкіндігін туғызатын жобалау тәсілі
- Оқушының жеке пәндер бойынша білімін диагностикалау ғана емес, оның алынған нәтижелерді өзіндік талдауы, өзіндік бағалауы, қортынды жасау, жеке білім алу траекториясының ерекшелігі байқалатын оқу жетістіктерін бағалау әдістері (портфолио, жобаның тұсау кесері)
- Мектеп оқушыларының оқу жетістіктерін мұғалім мен оқушының түзету жұмыстары негізінде мониторинг жүргізу
- Жасөспірімнің жасына біршама сәкес білім беру процесін ұйымдастыру формалары: лекция, семинар сабақтары, әңгімелесу, практикум, сынақ, оқу – зерттеушілік, жобалау – шеберлік, топтық және жеке оқу сабақтары, кеңес алу

Өзің- өзі

